

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 23 мамырдағы N 484 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2001 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 168-құжат; 2002 ж., N 6, 73, 75-құжаттар; 2002 ж., N 19-20, 171-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 10-баптың 1-тармағында:

1) 13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) бағамдық айырма (оң, теріс) - шетелдік валютамен жасалған операциялар бойынша туындайтын айырма;" ;

2) мынадай мазмұндағы 25-1) тармақшамен толықтырылсын:

"25-1) қызметкер - жұмыс берушімен еңбек қатынастарында тұратын және жеке еңбек шарты бойынша тікелей жұмыс атқаратын жеке тұлға; мемлекеттік қызметшілерді қоспағанда, акционерлік қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі;" .

2. 39-бапта:

1) 2-тармақтағы "салық төлеуші" деген сөздерден кейін "уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша жасалған" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 3-тармақтағы "егер осы Кодексте өзгеше белгіленбесе, осы бапта белгіленген тәртіпте" деген сөздер "уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген ережелерге сәйкес" деген сөздермен ауыстырылсын.

3 . 4 0 - б а п т а :

1) 1-тармақтағы "салық төлеушінің" деген сөздерден кейін "уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша жасалған" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 2-тармақтағы "Егер осы Кодексте өзгеше белгіленбесе," деген сөздер "Уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген ережелерге сәйкес" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. 41-баптың 1-тармағы "салық төлеушінің" деген сөздерден кейін "уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша жасалған" деген сөздермен толықтырылсын.

5. 64-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Алдын ала шешім қабылдағаны үшін төлемақы."

6. 69-баптың 10-тармағы мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген электрондық пішімнің құрылымы бұзылса, салық есептілігі салық органына берілмеген болып есептеледі."

7 . 7 1 - б а п т а :

1) 1-тармақтағы "Салық декларациясына," деген сөздердің алды "Осы баптың 5-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

2) мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Осы Кодекстің 126-бабына сәйкес өткен айлар үшін есептелген корпорациялық және жеке табыс салықтары бойынша аванстық төлемдер сомасының есептеріне өзгерістер енгізуге жол берілмейді."

8. 80-баптың 2-тармағының 17) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"17) оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі;
"

9. 89-баптың 2-тармағында "олар шегерімге жатқызылған салық кезеңінің" деген сөздер "олар сақтанушыға қайтарылған (қайтаруға жататын) есепті салық кезеңінің" деген сөздермен ауыстырылсын, "сақтандырушы" деген сөздер "сақтандыру ұйымы" деген сөздермен ауыстырылсын.

1 0 . 9 4 - б а п т а :

1) 1 тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Сыйақы бойынша шегерім осы бапта белгіленген шекте жүргізіледі."

2) 2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "жүргізіледі" деген сөз "айқындалады" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Лондон банкаралық рыногының 2 еселенген ставкасын қолдана отырып есептелген сомалар шегінде шетел валютасында алынған және (немесе) орналастырылған несиелер (заемдар), оның ішінде қаржы лизингі түрінде берілген несиелер (заемдар), депозиттер, борыштық бағалы қағаздар бойынша;"

3) мынадай мазмұндағы 2-1 және 2-2 тармақтармен толықтырылсын:

"2-1. Кредиттер (заемдар), оның ішінде қаржы лизингі түрінде берілген несиелер (заемдар), депозиттер, борыштық бағалы қағаздар бойынша шегерімдердің осы баптың 2-тармағына сәйкес айқындалған ең жоғарғы сомасы қосымша мынадай сомамен шектеледі :

1) резидентке төленетін және шегерімге жатқызылуға тиісті сыйақы сомасы

2) сыйақының шекті сомасының, резидентке төленетін және шегерімге жатқызылуға тиісті сыйақы сомасының арасындағы оң айырма .

2-2. Осы баптың 2-1-тармағының мақсаттары үшін:

1) сыйақының шекті сомасы меншік капиталдың орташа жылдық сомасының, міндеттемелердің, шекті коэффициенттің және салық төлеуші салық кезеңі үшін төлейтін сыйақы сомасының орташа жылдық сомасына қатынасының туындысы ретінде есептеледі ;

2) меншік капиталдың орташа жылдық сомасы есепті салық кезеңінің әр айының соңына меншік капиталдың орташа арифметикалық сомасына тең;

3) міндеттеменің орташа жылдық сомасы есепті салық кезеңінің әр айы ішінде сыйақы төленетін міндеттеменің орташа арифметикалық ең жоғарғы сомасына тең;

4) қаржы ұйымдары үшін шекті коэффициент 8-ге тең, ал басқа заңды тұлғалар үшін - 2 - ге тең . " ;

11. 102-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"102-бап. Теріс бағамдық айырма сомасының оң бағамдық айырма сомасынан асып кетуінен шегерім

Егер теріс бағамдық айырманың сомасы оң бағамдық айырманың сомасынан асып кеткен жағдайда асу шамасы шегерімге жатады."

12. 120-баптың 2-тармағында "ұйымның" деген сөзден кейін "депозиттер," деген сөзбен, "қайырмалдық" деген сөзден кейін "бойынша" деген сөзбен толықтырылсын.

13. 139-баптың 2-тармағының екінші бөлігі "салық төлеушіге" деген сөздерден кейін "амортизациялауға жатпайтын тіркелген активтерді қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын .

14. Мынадай мазмұндағы 5-1-бөліммен толықтырылсын:

"5-1-бөлім. Салық төлеушілердің жекелеген санаттарына салық салу ерекшеліктері

22-1 тарау. Арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарында қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға салық салу
140 - 1 - бап. Жалпы ережелер

1. Осы Кодекстің мақсаттары үшін арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарында қызметін жүзеге асыратын ұйымдар деп бір уақытта мынадай шарттарға сай келетін заңды тұлғалар танылады:

1) арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарындағы салық органында тіркеу

есепінде

тұрған;

2) арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарынан тыс жерлерде құрылымдық бөлімшелері жоқ;

3) жылдық жиынтық табысының кемінде 90 процентін арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарында арнайы экономикалық аймақтарды құру мақсаттарына сәйкес келетін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асыру нәтижесінде алуға жататын (алынған) табыстар құраса:

бағдарламалық қамтамасыз етуді, дерекқорды және аппараттық құралдарды жобалау, әзірлеу, енгізу және олардың тәжірибе өндірісі;

және (немесе) жасанды иммундық және нейрондық жүйелер негізінде жаңа ақпараттық технологияларды жасау;

және (немесе) ақпараттық технологиялар саласында жобаларды жасау және енгізу бойынша ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу.

Осы тармақшада көрсетілген қызмет түрлері бойынша жұмыстар мен қызмет көрсетулердің нақты түрлерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

2. Алынған (алынуға жататын) табыстарды осы баптың 1-тармағының 3-тармақшасында көзделген қызметтер түріндегі табыстарға жатқызу арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарында құрылған атқарушы органның уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша өнеркәсіп, құрылыс және сауда, стандарттау, метрология және сертификаттауды басқару мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіпте және нысанда берген растауы негізінде жүзеге асырылады.

140-2 бап. Салықтарды есептеу, төлеу тәртібі және мерзімдері

1. Арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарында қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың салықтарды есептеуі осы баптың 2, 4-тармақтарында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, осы кодексте белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

2. Бюджетке төленуге жататын корпорациялық табыс салығының сомасын айқындау кезінде корпорациялық табыс салығының осы Кодекстің 125-бабына сәйкес есептелген сомасы 50 процентке азайтылады.

Осы тармақта көзделген салық сомасын азайту, сондай-ақ осы Кодекстің 126-бабына сәйкес айқындалатын корпорациялық табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомаларын есептеу кезінде де қолданылады.

3. Корпорациялық табыс салығын төлеу және аванстық төлемдерді енгізу осы Кодекстің 127-бабында белгіленген тәртіппен мерзімдерде жүзеге асырылады.

4. Арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарында орналасқан және осы Кодекстің 140-1-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын салық салу объектілері бойынша:

1) жер салығын есептеу кезінде тиісті ставкаларға 0 коэффициенті;

2) мүлік салығын есептеу кезінде салық салу объектілерінің жылдық орташа құнына

0 проценттік ставка қолданылады.

5. Осы Кодекстің 140-1-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген қызмет көрсетулерді іске асыру жөніндегі айналымдар қосылған құн салығынан босатылады.

140-3-бап. Салық кезеңі және салық есептілігі

Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша салық кезеңі, салық есептілігін беру тәртібі мен мерзімдері осы Кодекске сәйкес айқындалады."

15. 14-баптың 1-тармағының 9) тармақшадағы "гранттар қаражаты есебінен төленетін төлемдер" деген сөздерді "мемлекет, мемлекет үкіметі мен халықаралық ұйымдар тарапынан берілетін" деген сөздерге ауыстырылсын.

16. 145-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы баптың 1-1, 2 және 3-тармақтарында көрсетілген табыстарды қоспағанда, салық төлеушінің салық жылы ішіндегі салық салынатын табыстарына мынадай ставкалар бойынша салық салынуға тиіс:

Салық төлеушінің салық салынатын		Ставкасы
		табысы
15 еселенген жылдық есептік көрсеткішке дейін	сомасынан 5 процент	салық салынатын табыс
15 еселенгеннен 40 еселенген жылдық есептік көрсеткішке дейін	одан асатын сомадан 8 процент	15 еселенген жылдық есептік көрсеткіштен салық сомасы +
40 еселенгеннен 200 еселенген жылдық есептік көрсеткішке дейін	одан асатын сомадан 13 процент	40 еселенген жылдық есептік көрсеткіштен салық сомасы +
200 еселенгеннен еселенген жылдық есептік көрсеткішке дейін	одан асатын сомадан 15 процент	200 еселенген жылдық есептік көрсеткіштен салық сомасы +
600 еселенгеннен және одан жоғары		600 еселенген жылдық есептік көрсеткіштен салық сомасы + одан асатын сомадан 20 процент ";

17. 171-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Кодекстің 144-бабы 1-тармағының 6) тармақшасында көрсетілген жеке тұлғалар жеке табыс салығы бойынша декларацияны уәкілетті мемлекеттік органмен белгіленген тәртіпте ұсынады."

18. 178-баптың 2) тармақшасы "(адвокаттық қызмет көрсетулерді қоспағанда)," деген сөздерден кейін "бағдарламалық өнімдерді сүйемелдеу және қолдау бойынша" деген сөздермен толықтырылсын.

19. 192-баптың 1-тармағы "болжамды сомасы туралы" деген сөздерден кейін " уәкілетті мемлекеттік органмен белгіленген нысан бойынша" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

20. 208-баптың 5-тармағының екінші бөлігіндегі "салық органы оған қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәлік берген күннен бастап" деген сөздер "оған салық төлеушінің тіркеу нөмірі берілген күннен бастап" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2 1 . 2 1 1 - б а п т а :

1) 4) тармақшадағы "кепіл ұстаушыға" деген сөздер алынып тасталсын;

2) 3-тармақтың 1) тармақшасындағы ", салық жылы ішінде жалпы сомасы 100 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын" деген сөздер алынып тасталсын.

2 2 . 2 1 6 - б а п т а :

1) 2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Кепіл беруші кепілге салынған мүлікті (тауарды) берген кезде кепіл ұстаушы үшін сату бойынша айналым жасау күні бұл мүлікті (тауарды) өндіріп алған күн болып м ы н а к ү н д е р д і ң б і р і :

1) кепілге салынған мүлікті өндіріп алуға өтініш беру процесінде жүргізілген сауда-саттық жеңімпазына кепіл берушіден кепіл затына меншік құқығы өткен күн;

2) егер сауда-саттық өтпеді деп жарияланса, кепіл ұстаушыға кепіл берушіден кепіл затына меншік құқығы өткен күн табылады.";

2) мынадай мазмұндағы 2-2 тармақпен толықтырылсын:

"2-2. Құрылыс, құрылыс-монтаж, жөндеу жұмыстарын орындау кезінде өткізу бойынша айналым жасау күні бірінші келетін күн:

1) орындалған жұмыстарды тапсырыс беруші ақысын төлеуге қабылдаған күн;

2) мемлекеттік қабылдау комиссиясының салынып біткен объектіні пайдалануға қабылдау туралы актіге (ал мемлекеттік нормативтерде белгіленген жағдайларда қабылдау комиссиясының актісі) қол қойған күні болып табылады.";

3) 4-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Тұрақты (үздіксіз) негізде іске асыру жұмысты (қызметті) алушы олардың нәтижелерін өзінің өндірістік қызметіне орындалған жұмыс, көрсетілген қызмет күні пайдалана алатын жағдайда ұзақ мерзімді шарт негізінде жұмыстар орындау, қызметтер көрсету болып табылады.".

23. 217-баптың 3-тармағында "мөлшері," деген сөзден кейін "сатылатын кепілге жатқызылған мүлік (тауар) құны" деген сөздермен, "анықталады," деген сөзден кейін " бірақ" деген сөзбен толықтырылсын.

24. 227-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) шағын несиелер беру жөніндегі операциялар.".

25. 235-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы "тауар беруші" деген сөздердің алдынан "осы Кодекстің 207-бабының 1-тармағына сәйкес қосылған құн салығын

төлеуші болып табылатын" деген сөздермен толықтырылсын.

26. 241-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар мен есепке жатқызудың барабарлық әдісін пайдаланатын шағын несие ұйымдарының кепілдегі мүлікті (тауарларды) алуға және өткізуге байланысты айналымдар бойынша қосылған құн салығының сомаларын есепке алу бойынша бөлек есептеу әдісін қолдануға құқығы бар."

2 7 . 2 4 5 - б а п т а :

1) 1-тармақтағы "16" деген цифр "15" деген цифрмен ауыстырылсын;

2) 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Егер осы баппен өзгеше белгіленбесе, салық салынатын импорт бойынша қосылған құн салығының ставкасы осы Кодекстің 220-бабына белгіленген салық салынатын импорт мөлшерінің 15 процентіне тең болады.

Жеке тұлғалар жеңілдетілген тәртіппен өткізетін тауарлар импорты кезінде қосылған құн салығы осы Кодекстің 516-бабының 2-тармағында көзделген жиынтық кедендік төлем құрамында төлене алады, оның мөлшері Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес айқындалады."

28. 250-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 3-1) және 3-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"3-1) тікұшақтар мен ұшақтардың;

3-2) темір жол локомотивтері мен вагондардың;"

29. 252-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Егер салық тексеруі осы кодекске сәйкес тоқтатыла тұрған жағдайда, қосылған құн салығын қайтару салық тексеруін тоқтата тұру мерзімін есепке ала отырып осы бапта көрсетілген мерзім ішінде жүргізіледі."

30. 254-баптың 3-тармағының екінші бөлігі "теңестірілген өкілдіктердің" деген сөздерден кейін "және (немесе) осы өкілдіктердің әкімшілік-техникалық қызметшілерінің" деген сөздермен толықтырылсын.

31. 258-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес жеңілдетілген тәртіппен жеке тұлғалармен өткізілетін акцизделетін тауарларға акциз ставкалары осы баптың 1-тармағына сәйкес белгіленеді және осы Кодекстің 516-бабының 2-тармағында көзделген жиынтық кедендік төлем құрамына қосылады, оның мөлшері Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес айқындалады."

32. 315-баптың 2-тармағы "оның құрылымдық бөлімшелері" деген сөздерден кейін "құрылымдық бөлімшелері орналасқан жері бойынша салық органдарына уәкілетті мемлекеттік орган немесе оның тапсырма беруімен құрылымдық бөлімшелері белгілеген нысан бойынша ол берген өтініш негізінде" деген сөздермен толықтырылсын.

1) 1-тармақтың бірінші абзацына "Осы Кодекстің 149-бабының 2-тармағына" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ өтемді қызметтер көрсету шарттары бойынша жеке тұлғаларға төлемдерге" деген сөздермен толықтырылсын;

2) мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасы төлемдер грант алушымен ие грант мақсаттарын (міндеттерін) жүзеге асыру үшін грант алушы тағайындаған орындаушымен жасалған шартқа (келісім-шартқа) сәйкес жүргізілгенде қолданылады."

34. 317-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай мазмұнда жазылсын:

"1. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының Президент заңды тұлғалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент еместер, шет ел заңды тұлғаларының филиалдары мен өкілдіктері мынадай ставка бойынша әлеуметтік салық төлейді:

Қызметкердің салық салынатын	Ставкасы
т а б ы с ы	
15 еселенген жылдық есептік көрсеткішке дейін сомасынан 20 процент	салық салынатын табыс
15-тен 40 еселенген жылдық есептік көрсеткішке дейін одан асатын сомадан 15 процент	15 еселенген жылдық есептік көрсеткіштен салық сомасы +
40-тан 200 еселенген жылдық есептік көрсеткішке дейін одан асатын сомадан 12 проценті	40 еселенген жылдық есептік көрсеткіштен салық сомасы +
200-ден 600 еселенген жылдық есептік көрсеткішке дейін одан асатын сомадан 9 процент	150 еселенген жылдық есептік көрсеткіштен салық сомасы +
600 еселенген жылдық есептік көрсеткіштен және одан жоғары	600 еселенген жылдық есептік көрсеткіштен салық сомасы + одан асатын сомадан 7 процент ";

2. Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғалары, сондай-ақ қызметін Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент еместер әкімшілік-басқарушы, инженер-техник қызметшілердің шетелдік мамандары үшін мынадай ставка бойынша әлеуметтік салық төлейді:

Қызметкердің салық салынатын табысы	Ставкасы
-------------------------------------	----------

40 еселенген жылдық есептік көрсеткішке дейін	сомасынан 11 процент	салық салынатын табыс
40-тен 200 еселенген жылдық есептік көрсеткішке дейін	40 еселенген жылдық есептік көрсеткіштен салық сомасы + одан асатын сомадан 9 процент	
40 еселенген жылдық есептік көрсеткішке дейін	сомасынан 20 процент	салық салынатын кіріс
600 еселенген жылдық есептік көрсеткіштен және одан жоғары	600 еселенген жылдық есептік көрсеткіштен салық сомасы + одан асатын сомадан 5 процент	

35. 318-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, әлеуметтік салықты есептеу уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен, осы кодекстің 316-бабына сәйкес анықталған әлеуметтік салық салу объектісіне осы Кодекстің 317-бабында белгіленген ставканы қолдану арқылы ай сайын жүргізіліп отырады."

36. 338-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарында қызметін жүзеге асыратын ұйымдар жер салығын осы Кодекстің 140-2-бабының 4-тармағымен белгіленген ережелерді ескере отырып есептейді."

37. 345-баптың 1-тармағы мынадай сөздермен толықтырылсын:

"(бұдан әрі - меншік құқығы)".

38. 346-баптың 1-тармағында "уәкілетті органда" деген сөздер "Қазақстан Республикасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

39. 348-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"348-бап. Есептеу тәртібі

1. Салық төлеушілер салық кезеңі үшін салық салу объектілерін, әрбір көлік құралы бойынша салық ставкасын және түзету коэффициенттерін негізге ала отырып, салық сомасын дербес есептейді.

Көлік құралының меншік құқығында салық кезеңінен кем тұрған жағдайында салық сомасы көлік құралына меншік құқығы туындаған айдың басынан басталатын кезеңге салықтың жылдық сомасын 12-ге бөліп, оны салық кезеңінің аяғына дейін қалған айлардың санына көбейту арқылы есептеледі.

2. Салық салу кезеңі ішінде өз қызметінде пайдаланатын салық салу объектілеріне меншік құқығын жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар, адвокаттар, сондай-ақ заңды тұлғалар салық салу объектілеріне меншік құқығын бергенде, салық сомасы мынадай тәртіппен есептеледі:

1) беретін тарап үшін:

салық кезеңінің басында қолдағы көлік құралдары бойынша салық сомасы салық кезеңінің басынан көлік құралына меншік құқығын берген айдың бірі күніне дейін е с е п т е л е д і ;

салық кезеңінің ішінде сатып алынған көлік құралдары бойынша салық сомасы көлік құралына меншік құқығын алған айдың бірі күні салық кезеңінен, көлік құралына меншік құқығын берген айдың бірі күніне дейін есептеледі;

2) алушы тарап үшін - салық сомасы көлік құралына меншік құқығын алған айдың бірі күні салық кезеңінен, салық кезеңінің соңына дейін немесе көлік құралына меншік құқығын берген айдың бірі күніне дейін алушы тарап одан кейін аталған көлік құралына меншік құқығын берген көлік құралына меншік құқығын берген айдың бірі күніне дейін есептеледі.

3. Салық салу кезеңі ішінде салық салу объектілеріне меншік құқығын жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар, адвокаттар болып табылмайтын жеке тұлғалар салық салу объектілеріне меншік құқығын бергенде, салық сомасы мынадай тәртіппен с а л ы н а д ы :

1) салық салу объектілеріне меншік құқығын жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар, адвокаттар болып табылмайтын жеке тұлғаларға салық салу объектілеріне меншік құқығын бергенде, бюджетке төленуге тиіс жылдық салық сомасы осы баптың 2-тармағында белгіленген тәртіпте жүргізіледі (келісім бойынша);

2) салық салу объектілеріне меншік құқығын жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар, адвокаттар болып табылмайтын заңды тұлғаларға салық салу объектілеріне меншік құқығын бергенде, бюджетке төленуге тиіс жылдық салық сомасы осы баптың 2-тармағында белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

4. Алу сәтінде Қазақстан Республикасында есепте тұрмаған көлік құралын алғанда салық сомасы көлік құралына меншік құқығы туындаған айдың 1 күні салық кезеңінен салық кезеңінің соңына дейін есептеледі."

40. Мынадай мазмұндағы 348-1-баппен толықтырылсын:
"348-1-бап. Төлеу мерзімдері

1. Меншік құқығында 1 шілдеге дейін болған көлік құралдары бойынша егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, бюджетке салық төлеу салық салу объектілерінің тіркелген жері бойынша салық кезеңінің 5-шілдесінен кешіктірілмей жүргізіледі.

2. Осы Кодекстің 348-бабының 4-тармағында көрсетілген көлік құралдарына меншік құқығын алған жағдайда, салық кезеңінің 1 шілдеге кейін бюджетке салықты төлеу көлік құралдарын мемлекеттік тіркеуге дейін немесе сәтінде жүргізіледі.

3. Алу сәтінде Қазақстан Республикасында есепте тұрған көлік құралын алғанда заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар, адвокаттар 1 шілдеден кейін салық кезеңі үшін салық бойынша декларацияны беру мерзімі басталғаннан кейінгі он жұмыс күні мерзімінен кешіктірмей аталған көлік құралдары бойынша салық төлеуді ж ү р г і з е д і .

4. Көлік құралдарына бюджеттен есеп айырысуды ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілерге арналған арнайы салық режимінде жүзеге асыратын заңды тұлғалардың төлеуі осы Кодекстің 389-бабымен белгіленген мерзімдерде жүзеге асырылады.

5. Көлік құралының меншік иесі атынан меншікті сенімгерлік басқару құқығында көлік құралын иеленуші тұлғаның көлік құралдарына салық төлеуі көлік құралына меншік иесінің осы есепті салық кезеңі үшін салық міндеттемесін орындауы болып табылады. "

41. 350-бап мынадай мазмұнда жазылсын:
"350-бап. Салық есептілігі

Салық төлеуші заңды тұлғалар (ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілер үшін арнаулы салық режимінде бюджетпен есеп айырысуды жүзеге асыратын заңды тұлғаларды және жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар, адвокаттар болып табылмайтын жеке тұлғаларды қоспағанда) көлік құралдары бойынша ағымдағы төлемдер есеп-қисабын ағымдағы салық кезеңінің 5 шілдесі мерзімінен, сондай-ақ көлік құралдары салығы бойынша декларацияны есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызы мерзімінен кешіктірмей салық салу объектілерінің тіркелген жері бойынша салық органдарына табыс етеді. "

42. 355-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарында қызметін жүзеге асыратын ұйымдар жер салығын осы Кодекстің 140-2-бабының 4-тармағымен белгіленген ережелерді ескере отырып есептеді. "

43. 374-бапта:

1) 1-тармағының 3) тармақшасы "1,5" деген цифрлар "2,0" деген цифрлармен ауыстырылсын;

2) 5-тармақ "уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысанда берілген" деген сөздермен толықтырылсын.

44. 375-баптың 4-тармағында:

1) бірінші бөлім "Салық төлеушінің" деген сөздерден кейін "уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша ұсынылған" деген сөздермен толықтырылсын;

2) екінші бөлім "Аталған өтініш уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысанда табыс етіледі" деген сөздермен толықтырылсын.

45. 376-баптың 3-тармағында "тоқсаннан бастап" деген сөздерден кейін "уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысанда табыс етілген" деген сөздермен толықтырылсын.

46. 377-баптың 2 және 3 тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жеке кәсіпкердің табысына мынадай ставкалар бойынша салық салынуға тиіс:

Тоқсандық табысы

Ставкасы

2000,0 мың теңгеден	Табыс сомасының 3 проценті
2000,0 мың теңгеден жоғары -	60,0 мың теңге + 2000,0 мың
3000,0 мың теңгеден	теңгеден асатын табыс сомасынан
	5 п р о ц е н т
3000,0 мың теңгеден жоғары	110,0 мың теңге + 3000,0
	мың теңгеден асатын табыс
	сомасынан 7 процент

3. Заңды тұлғаның табысына мынадай ставкалар бойынша салық салынуға тиіс:

Тоқсандық табысы	Ставкасы
2000 0 мың теңгеден	Табыс сомасының 4 проценті
2000,0 мың теңгеден жоғары -	80,0 мың теңге + 2000,0 мың теңгеден
4500,0 мың теңгеден	асатын табыс сомасынан
	7 п р о ц е н т
4500,0 мың теңгеден жоғары -	205,0 мың теңге + 4500,0 мың
6500,0 мың теңгеден	теңгеден асатын табыс сомасынан
	7 п р о ц е н т
6500,0 мың теңгеден жоғары	350,0 мың теңге + 6500,0 мың
	теңгеден асатын табыс сомасынан "
	9 п р о ц е н т

47. 515-баптың 2-тармағындағы "қайтарып беруші" деген сөздерден кейін "және кеден төлемдерін өндіріп алудың" деген сөздермен толықтырылсын.

48. 516-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарлар алып өткен кезде және Қазақстан Республикасының кеден заңдарында белгіленген басқа да жағдайларда кеден төлемдерінің мынадай түрлері төленеді:

- 1) к е д е н б а ж ы ;
- 2) кеден ресімдеуі үшін кеден алымы;
- 3) тауарларды сақтау үшін кеден алымы;
- 4) кедендік ілесіп алып жүру үшін кеден алымы;
- 5) Қазақстан Республикасы кеден органдарының лицензия беру алымы;
- 6) кеден ресімдеуі жөніндегі маманның біліктілік аттестатын беру алымы;
- 7) алдын ала шешім үшін төлемақы.

2. Қазақстан Республикасының кеден заңдарында белгіленген жеңілдетілген тәртіппен жеке тұлғалардың тауарларды өткізуі кезінде, осы баптың 1-тармағында көрсетілген кедендік төлемдер және салықтар жиынтық кедендік төлем түрінде төленуі

м ү м к і н . " .

49. 524-баптың 11-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға қызметін жүзеге асыратын орнын, орналасқан жерін, тұрғылықты жерін, келген орнын немесе салық салу объектілерінің орналасқан және (немесе) тіркеу орнын өзгерткен жағдайда, салық төлеуші он жұмыс күні ішінде тіркеу есебінен шығару туралы өтінішті өзі тіркеу есебінде тұрған салық органына беруге және салық төлеушіге бұрын берілген тіркеу нөмірін көрсетумен жаңа қызметін жүзеге асыратын орны, орналасқан жері, тұрғылықты жері, келген орны немесе салық салу объектілерінің орналасқан және (немесе) тіркеу орны бойынша тіркеу есебіне тұруға міндетті."

50. 525-баптың 1-тармағы "салық міндеттемелерінің тоқтатылуына байланысты" деген сөздерден кейін "уәкілетті органдар беретін мәліметтер бойынша және (немесе) салық төлеушінің немесе оның өкілінің есептен шығару туралы өтінішімен" деген сөздермен толықтырылсын.

51. 527-баптың 4-тармағында:

"резидент емес заңды тұлғаны есепке қою" деген сөздер "тіркеу" деген сөзбен ауыстырылсын;

"оған салық төлеушінің тіркеу нөмірін беру" деген сөздер "оның салық төлеуші ретінде мемлекеттік тіркеуден өту мақсатында" деген сөздермен ауыстырылсын.

52. 532-баптың 2-тармағында "есепке қою" деген сөздерден кейін "және оларды есептен шығару" деген сөздермен толықтырылсын.

53. 533-бап мынадай мазмұндағы 1-2-тармақпен толықтырылсын:

"1-2. Осы Кодекстің 533-бабы 5-тармағының 1)-3) тармақшаларына сәйкес рейдтік тексерулерді өткізген кезде салық төлеуші орнында болмағанда нұсқама мен салық тексеруінің актісі салық төлеушінің уәкілетті өкіліне не болмаса салық төлеушімен еңбек қатынастарында тұратын және ұйымдастырушылық-билік ету міндеттерін атқаратын тұлғаға тапсырылады."

54. 540-баптың 7-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Рейд тексеруі аяқталған соң жасалған салық тексеруінің актісі салық төлеуші болмаған кезде салық төлеушінің уәкілетті өкіліне не салық төлеушімен еңбек қатынастарында тұрған және ұйымдық-өкімдік міндеттерді орындайтын тұлғаға тапсырылады."

55. 546-бапта:

1) 1-тармақта:

"тұтынушылармен" және "тұтынушының қолына" деген сөздер алынып тасталсын;

2) тармақша мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"Қорытынды нысаны мен талаптарын уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді."

2) 3-тармақта:

бірінші бөлімде "тұтынушылармен" деген сөз алынып тасталсын;

үшінші бөлімде "уәкілетті орган" деген сөздерден кейін "уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша" деген сөздермен толықтырылсын.

56. 547-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарын тіркеу (есепке қою, тіркеу деректеріндегі өзгерістер) қызметін жүзеге асыру орны бойынша бақылау-касса машиналарын тіркеу карточкасын берумен, сондай-ақ есептен шығару салық органдарында жүргізіледі. Фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарын тіркеу салық органында қызмет басталғанға дейін жүргізіледі;".

2-бап. Осы Заң 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті